



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-231-241>

ХҒТАР 17.71.01
Ғылыми мақала

Қ. Құрманбекұлы¹, Б.Б. Келгембаева^{2*}

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(E-mail: ¹Kuandyk_kur@mail.ru, ^{2*}shilde0206@gmail.com)

МЕКЕНДІК АҢЫЗДАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМДЕГІ РОЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Шығыс Қазақстанның мекендік (топонимдік) аңыздарын мәдени-танымдық туризмде пайдалану мүмкіндіктері сөз болады. Мекендік аңыздар географиялық нысанмен байланысты туып, сол жерді қоныстанған халықтың тарихи жады мен рухани болмысының айнасы болмақ. Бүгінгі күні қазақ халқының осындай рухани мұрасын сақтау, таныту және қолданыс аясын кеңітудің тың жолдарынан іздену қажет. Авторлардың пікірінше, Шығыс Қазақстандағы Мұзтау, Рахман қайнары, Марқакөл т.б. жайлы аңыздар туристерді осы табиғи нысандармен қатар, қазақ халқының тарихи-философиялық кеңістігіне жетелеу мүмкіндігі жоғары. Мақала тақырыбының өзектілігі қазіргі уақытқа дейін Шығыс Қазақстанның фольклорлық, әдеби мұрасын өлкедегі туризм саласында пайдаланудың нақты мысалдары, сандық, сапалық көрсеткіштері анықталып, теориялық, әдістемелік талдауларға алынбағанымен түсіндіріледі. Зерттеушілер шетелдік ғалымдардың тың еңбектеріне сүйене отырып, мекендік аңыздарды Шығыс Қазақстан облысы бойынша бекітілген кейбір мәдени-танымдық сипаттағы туристік маршруттарды жүзеге асыруға пайдалану мүмкіндіктерін талдауды мақсат етеді. Сондай-ақ, авторлар фольклорлық мәтіндердің мәдени-танымдық, брендингтік әлеуетін, аталмыш аймақтың және еліміздің жағымды туристік бейнесін қалыптастырудағы орнын нақты мысалдармен ашуды көздейді. Бұл зерттеу бағыты қазіргі заманғы ұлттың рухани мұрасын қолданбалы сипатта қайта жаңғырту үдерістерімен сабақтасады.

Түйін сөздер: мәдени мұра, аңыз, мәдени-танымдық туризм, брендинг, жанр.

Түсті: 24.03.2026; **Жөнделді:** 02.05.2026; **Мақұлданды:** 18.06.2026; **Онлайн қолжетімді:** 30.06.2026

Кіріспе

Халқымыздың рухани жәдігерлерін туризм саласына оңтайлы, әрі жүйелі кіріктіру – еліміздің жағымды бет-бейнесі мен имиджін қалыптастыру үдерісінің ажырамас бөлігі. Осы ретте, “Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары (тарих, мәдениет, білім)” атты кітап авторларының: “Ата-бабаларымыздан қалған бай мәдени мұра зайырлы идеологияның негізіне айналып, ұлттық мемлекеттілікті нығайтуға қызмет ете алады. Бұл өз кезегінде ұлттың тарихи тағдырындағы әлеуметтік-мәдени, құқықтық, саяси, этикалық және эстетикалық сабақтастықты сақтауға, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді”, - деген пікірі өте орынды айтылған (Сапашев т.б., 2006).

Шығыс Қазақстанның рухани жәдігерлерінің осындай маңызды саласының бірін жер-су атауларына байланысты аңыздар құрайды. Біздің пікірімізше, бұл өңірдің аңыздары – маңызды туристік ресурс болуға лайықты мәдени мұра. Өкінішке орай, Шығыс Қазақстанның фольклорлық, әдеби қорын өлкедегі туризм саласында пайдаланудың нақты мысалдары, сандық, сапалық көрсеткіштері анықталып, теориялық, әдістемелік талдауларға алынып, методологиясы әлі жасалған жоқ. Бұл өз кезегінде облыста қазір қарқынды қолға алынып отырған туризм саласының ұлттық кескін-келбетін айқындауға, ұлттық рухани мұраларымыздың қолданыс аясын кеңейтуге кедергісін келтіреті сөзсіз. Осы себепті мақалада Шығыс Қазақстанның мекендік аңыздарын өңірдегі мәдени-танымдық туризмді дамытуға пайдалану жолдарын зерттеу мақсат етілді. Мақаланың міндеттеріне:

- топоним мен мекендік (топонимдік) аңыздарды туризм саласына кіріктіру жайлы ғылыми еңбектерге шолу жасау;
- мәдени-танымдық туризмнің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру;
- мекендік аңыздардың – идеялық-танымдық, көркемдік қызметіне сипаттама беру;
- мекендік аңыздарды туризм саласында пайдаланудағы кемшіліктер мен қателіктерді атап көрсету;
- Шығыс Қазақстан бойынша бекітілген мәдени-танымдық туристік маршруттарға сәйкес келетін мекендік аңыздарды іріктеп ұсыну және талдау жасау кіреді.

Мекендік аңыздар – халықтың белгілі бір географиялық кеңістікке байланысты қалыптастырған тарихи, мәдени және танымдық жадын бойына сіңірген ерекше фольклорлық жанр. Бұл жәдігерлер белгілі бір ұлттың дүниетанымын, ұжымдық жады мен табиғатпен байланысын көркем бейнелейді. Олар мифтік сана, халық қиялы мен тарихи шындықты тоғыстыра отырып, халықтың рухани мәдениетінде маңызды орын алады.

Зерттеулер көрсеткендей, халық аңыздарын пайдаланушылар экскурсия кезінде брендингте бірқатар қателіктер жіберуі мүмкін. Атап айтқанда:

- белгілі бір туристік нысан туралы аңыздарды мүлдем білмеу;
- аңыздардың мәдени-танымдық туризмдегі маңызын жете түсінбеу немесе оларды орынсыз пайдалану;
- мәдени-танымдық туризм, экскурсия қызметінде аңыздардың дербес мәдени құбылыс ретінде қолданылмауы;
- өңірлік имидж не бренд қалыптастыруда сол өңірдің «мифологиялық кеңістігін» ескермеу т.б.

Біздің пікірімізше, туристік сала мамандарының және басқа да мүдделі тараптардың (жеке меншік база, қонақ үй, ресторан, кафе т.б. туристік нысандардың менеджерлерінің)

аңыздар туралы мүлде хабарсыздығы бір мәселе болса, өлкенің туристік маршруттарына байланысты аңыздарды өзім білемге салып, орынсыз пайдалануы немесе мүлдем ескермеуі екінші бір өткір түйткіл. Мұндай қателіктер этикалық, саяси т.б. олқылықтардың орын алуына әкелуі мүмкін.

Түйіндеп айтқанда, мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына енгізу ең алдымен, арнайы теориялық дайындықты, фольклортану, топонимика, тарих, география, психология, маркетинг т.б. сала мамандарының бірлескен зерттеулерін қажет етеді. Бұдан соң барлық мүдделі топтар: ғалымдар, жергілікті билік пен мәдениет саласының өкілдері, туризм бизнесіндегілерінің және жергілікті тұрғындардың оны игерудегі бірлескен еңбегі қажет. Бұл ретте, топоним жайындағы аңыздарды туризм саласында қонымды пайдалану жолдарынан ізденіп, әлемдік дәстүрлер мен озық тәжірибелерге сүйенген дұрыс.

Зерттеу деректері мен әдістері

Мақалада зерттеу мәселесіне қатысты шетелдік ғылыми еңбектерге шолу, топоним мен мекендік аңыздарды туристік мақсаттарға пайдалану жайлы маңызды идеяларды талдау, Шығыс Қазақстан облысы бойынша туристік маршруттар тізілімінде берілген маршруттарды таңдап, сараптау және оларға сәйкес мекендік аңыздарды сипаттау, талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризмде пайдалану қазақ фольклортануы, тіл білімі саласында әлі зерттелмеген мәселе. Дегенмен шетелдік ғалымдардың лингвистика, фольклортану, география, туризм маркетингі саласындағы бірқатар ізденістері бұл мәселеге жарығын түсіреді. Бұл ретте, Беннет А.В., Ситон М.М. (Bennett and Seaton), Лайт Д. (Dunkan Light), Афанасьев О.Е., Афанасьева А.В., Настридинов У., Брент У. Ритчи, Карр Н., Купер К., Абос И., Сунтоко А., Пурбанкара Т. (Suntoko, Abduloh and Tedi Purbangkara) зерттеулерін айтуға болады. Бұл ғалымдар топоним мен топонимдік аңыздарды бірлікте қарастырып, туризмді дамытудағы ролін әр қырынан сөз етеді.

А.В. Беннет пен М.М. Ситон туризм маркетингінің психологиялық өлшемдеріне назар аударып, топонимдердің саяхатшылардың белгілі бір туристік мекенді есінде тұтып, онымен эмоционалдық байланыс орнатуына көмектесетін мнемоникалық құралдар ретіндегі қызметін көрсетеді (Bennett and Seaton (1996).

Дункан Лайт топонимдік аңыз сюжеттерін пайдалану арқылы жаңа туристік объектілер құру және оларды коммерциализациялау мәселелерін талдайды. Оның пікірінше: «Топоним мәдени бірегейлікті, тарихты, білімді, тәжірибені немесе халықтың арман-аңсарларын қамтиды. Елді мекендер мен физикалық нысандардың, мысалы, қоғамдық нысандардың, ескерткіштер мен ғимараттардың атаулары тарихи жадының және кеңістіктің күрделі қырларына қол жеткізуге мүмкіндік береді» (Light, 2014).

Ал Украина географтары О.Е.Афанасьев пен А.В.Афанасьева туризмде белсенді қолданылатын фольклорлық проза жанрларын «туристік аңыздар» деп атап, олардың қаланың (елдің) туристік келбетін қалыптастырудағы қызметін жоғары бағалайды. Олардың пікірінше: “Туристік аңыздар — аймақтардың туристік брендин қалыптастырудың ажырамас бөлігі, олар туристерді тартуға ықпал етіп, жекелеген қалалар мен тұтас мемлекеттердің жағымды туристік бейнесін жасайды”(Афанасьев, Афанасьева, 2015).

«Ағылшын тіліндегі туризм материалдарындағы топонимдердің ролі» (The Role of Toponyms in English-Language Tourism Materials) мақаласының авторы Насридинов Улугбек топоним мен топонимдік аңыз мәтіндерінің ұлттық бірегейлікті сақтау мен танымдық ролі жайлы ойларын ортаға салады (Nasritdinov, 2025).

Түйіндей айтқанда, соңғы уақыттарда шетелдік лингвист, фольклортанушы, әдебиеттанушы, географ ғалымдар топоним мен мекендік аңыздарды туризмде пайдалану туралы белсенді зерттеулер жүргізуде. Бұл монографиялар мен мақалалар мәдени-танымдық туризм туралы біздің зерттеуімізде теориялық-әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Болашақта ел экономикасының драйверіне айналмақ мәдени-танымдық туризм саласында отандық гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының кешенді зерттеулері қажет.

Нәтижелер мен талқылау

Мәдени-танымдық туризмге берілген анықтамалар өте көп. Ғылыми еңбектерде мәдени-танымдық туризм оқытуды, мәдениетті танытуды және тәжірибелік білімді кеңейтуді қамтамасыз ететін көпқырлы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипатталады. Мәселен, Австрия, Америка мен Зеландияның көрнекті зерттеушілері Брент У. Ритчи, Нил Карр, Крис Купердің анықтауынша: «Мәдени-танымдық туризм – бұл саяхат барысында білім алу немесе танымдық тәжірибе жинақтау негізгі немесе қосалқы мақсат ретінде қарастырылатын туристік қызмет түрі. Аталған туризм түріне жалпы білім беруге бағытталған танымдық турлар, ересектерге арналған оқу саяхаттары, халықаралық және ұлттық деңгейдегі жоғары оқу орны мен мектеп оқушыларының ұтқырлығы, оның ішінде тіл мектептері, оқу экскурсиялары және студенттер мен оқушыларға арналған алмасу бағдарламалары жатады» (Ritchie, et.al., 2003).

Дүниежүзілік туризм ұйымы мәдени-танымдық туризмді «шағын көлемді, жақсы басқарылатын, білім беру сипатындағы және әдетте жоғары деңгейлі туризм ... музыка, өнер және этникалық алмасуды қамтитын құбылыс» деп анықтайды (International Scientific Committee, 1993).

Румыниялық ғалым Илиана Ана Абос (Ileana Ana Abos) мәдени-танымдық туризмнің мәдени, әлеуметтік, экономикалық маңызына мән береді. Оның пікірінше, мәдени-танымдық туризм мәдени мұраны таныстыру мен оның құндылығын арттырудың маңызды тетігі бола алады. Ол келушілерге белгілі бір аумақтың бай тарихы мен дәстүрлерін терең сезініп, ұғынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру туризмі мәдени нысандарды сақтау мен қорғауға да ықпал етеді, өйткені ол аталған нысандардың күтімі мен қорғау шараларына қайта бағытталатын қаржы ресурстарын қалыптастырады (Abos, 2023). Демек, мәдени-танымдық туризм мәдени жәдігерлерді келушілерге насихаттау үшін ғана емес, оны келер ұрпаққа сақтап, жеткізу үшін де маңызды.

Берілген анықтамаларға сүйенсек, мәдени-танымдық туризмге ғалымдар мен зерттеушілер, өнер иелері (кино саласының мамандары, фотоафтар т.б.), студенттер мен оқушылар, журналистер қызығушылық танытады. Бұл туризм түрі табиғи ландшафттарда да, адам қолымен жасалған мәдени-тарихи немесе әлеуметтік ортада да өтеді. Біз бұл мақаламызда табиғи ландшафттарда, нақты айтқанда Шығыс Қазақстан аймағындағы географиялық нысандарды қамтитын маршруттарды таңдап алып, мекендік аңыздарды туризмге кіріктіру жөнінде сөз етеміз.

Шетелдік ғалымдардың кітап, мақалаларына шолуымыз топонимдер мен мекендік аңыздардың мәдени-танымдық туризмдегі маңызын айқындап берді. Зерттеушілер топоним мен оның аңыздары жай лингвистикалық не фольклорлық дерек емес, туристік нысанның танымдық, эмоционалдық және брендтік құндылығын арттыратын маңызды мәдени мұра екенін көрсетеді. Әсіресе, топонимдік аңыздар кеңістіктің тарихи жадын жаңғыртып, халықтың рухани болмысын танытуға, ел мен жердің бірегейлігін көрсетіп, туристердің қызығушылығын оятуға әлеуетті. Бұл бағыттағы шетелдік зерттеулер жеткілікті болса да, отандық ғылымда аңызды туризм саласына кіріктіру мәселесі әлі зерттелмегені аңғарылады. Демек, қазақтың мекендік аңыздарының қолданбалы әлеуетін зерделеу – тек фольклортану емес, туризм, мәдениеттану және маркетинг салалары үшін де маңызды жаңа бағыттардың бірі.

Шығыс Қазақстанның тұмса табиғаты, көз тұндырар сұлулығы мен байлығы, ландшафтының алуан түрлілігі туристерді қызықтырады. Облыс аумағында Ертіс, Қалжыр, Бұқтырма, Ақбұлақ, Күршім, Нарын, Үлбі, Уба, Бөкен тәрізді 800-ден астам өзен, Зайсан, Марқакөл, Сібе, Шыбындыкөл, Шаянбай т.б. тәрізді 900-ден астам көл және көптеген ұсақ көлдер, су қоймалары бар. Биік тау жоталарындағы мәңгілік мұздақтар мен қар жамылғысының қалыңдығы қысқы спорт түрлерімен қатар, қысқы демалысты ұйымдастыруға өте қолайлы. Бұл өңірде экологиялық туризм, емдеу-сауықтыру туризмі, этнотуризм, спорттық-сауықтыру туризмімен қатар, мәдени-танымдық туризмді дамыту ерекше маңызға ие. Әсіресе, Берел, Шілікті тәрізді жалпыадамзаттық өркениет жәдігерлері, Ақбауыр, Мұзтау, Бұқтырма, Катон-Қарағай, Қиынкеріш, Рахман қайнары, Сібе, Марқакөл т.б. киелі жерлердің болуы өңірде мәдени-танымдық туризмді дамыту мүмкіндігін молайта түседі.

Адам мен Табиғат, Ел мен Жер – ажырамас бірліктегі біртұтас ұғымдар. Біздің ойымызша, мәдени-танымдық туризм саласында осы біртұтастық негізгі концепция болуы қажет. Осы ретте, академик Ә.Қайдар: “Әрбір этнос, тайпа, халық өзінің туып-өскен мекеніне ат қойып, айдар тағып әдеттенеді. Сондықтан да олардың өзі жасап келе жатқан жер-су т.б. географиялық нысандарына қойып келе жатқан атаулары, сайып келгенде, сол жердің өзіндік тарихының бір саласы, танып-білуге қажетті тарихи көздерінің бірі”, - деген өте орынды пікір айтады (Қайдар, 2013). Демек, бұл Шығыс Қазақстанның географиялық нысандарымен бірге олардың атаулары мен топонимдік аңыздары туристерге тарихи-танымдық және рухани феномендер үйлесім тапқан бірегей кеңістік ретінде танылуы тиіс. Өйткені, географиялық нысан атаулары мен олардың аңыздары туристік орындарды символдық мәнімен байытып, осы өңірдің әрбір саяхаттаушының жадында қалуына ықпал ете алады.

Өзіміз нысанаға алып отырған мекендік аңыздар – белгілі бір географиялық нысанмен байланысты туған, сол жердің атауы, шығу тегі мен тарихы жайлы баяндайтын қазақ фольклорлық прозасының маңызды бір саласы. Мұндай шығармалар белгілі бір мекеннің атауын, табиғи ерекшелігін немесе тарихи оқиғалармен байланысын әңгімелеуді мақсат тұтады. Топоним мен мекендік аңыздар қазақ халқының дүниетанымы мен тарихи жадын шебер үйлестіріп, жергілікті ландшафттың паспорты қызметін атқарады.

Мекендік аңыздар туристік маршруттарға терең мазмұн, эмоциялық тартымдылық үстейді. Әрбір мекендік аңыз нақты географиялық нысанмен байланысты болғандықтан, оларды өңірлік брендинг, тақырыптық маршруттар құру, туристік гид-нарративтер жасау, мәдени-танымдық туризмді дамыту мақсатында пайдаланудың берері мол. Өйткені,

фольклорлық мәтіндер тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар, эмоционалды-рухани тәжірибе құралы ретінде туристік нысандардың құндылығын арттыра түседі.

Өңірлік брендингтің мысалына «Алтай – адамзаттың алтын бесігі» деген тұжырымды алуға болады. Бұл бренд Шығыс Қазақстанда өткен ғылыми форумдар, мәдени шаралар, туристік маршруттар арқылы көпшіліктің көңіліне орнығып үлгерді.

Алтайдың ең биік шыңы Мұзтау жайлы халықтық әңгімелер осы өңірлік брендинг идеясын айқындай түседі. Мұзтауға шығу немесе тамашалау туристік маршруттар тізіліміндегі (ШҚО әкімдігінің https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/documents/1?directions=_3566&lang=kk сайтында берілген) «Рахман қайнарлары» ғылыми-танымдық соқпағы, «Алтай соқпақтарымен», «Ақ Берел» рекреациялық-танымдық соқпағы, «Берел қорғандарына» экскурсиялық соқпақтарында қарастырылған. Осы соқпақтармен жүретін туристерге Мұзтау жайлы әдемі аңызды айтуға болады.

Аңызда бірін-бірі сүйген қыз бен жігіт қуғыншылардан құтылу үшін тауды келіп паналайды. Қыз құдайға «бізді құтқара гөр» деп жалбарынады. Ақыры қыздың басындағы сәукеле алып мұзды тауға айналып, қыз бен жігіт таудың ішінде мәңгі қалады. Мұзтау әйтеуір бір қақ жарылып ашылады. Тау ішіндегі қыз бен жігіт сол сәтте бір тілек айтып үлгірсе, сол орындалады. Мұзтаудың киелілігі туралы аңыздардың бірқатары белгілі қаламгер О.Бөкейдің әңгіме-повестерінің мазмұнына да енгізілген. «Мұзтауды көрген адам лайым бақытты ғұмыр кешеді дейтін аңыз бар. Ал, киелі тау кез келген адамға кез келген күні көріне бермек емес». «Мұзтауды, оның алып бейнесін көрген адам бақытқа кенеледі деуші еді қариялар» (Бөкей, 2013).

Жергілікті халық Алтайдың биік шыңы Мұзтаудың тылсым күшпен байланысы мен киелілік сипатына күмәнсіз сенеді. Бұл сенімді туристердің көңіліне де ұялатуға болады. Алтайдың көз тұндырар сұлулығынан ұмытылмас әсер алған туристердің Мұзтауды адамның барлық арманын орындайтын, әрі рухани қуат беретін киелі мекен екендігіне илануы үшін ол жайлы гид-нарративтер, тіпті кәдесыйларға баса назар аударған дұрыс. Туристік маршруттарды өту барысында орыс фольклорындағы Шамбала, Беловодье туралы аңыздар мен мифтерден гөрі, қазақ фольклорындағы Мұзтау туралы аңызға басымдық беріліп, насихатталғаны жөн.

«Рахман қайнарлары» ғылыми-танымдық маршруты шипалы қасиетімен танылған Катон-Қарағайдағы «Рахман» қайнарынан басталады. Халық аңызы бұл қайнарды Әбдірахман атты аңшының есімімен байланыстырады. Бірде Әбдірахман аңға он жасар ұлын ертіп шығады. Аңшының баласы аңдаусызда маралдың лағын оқ атып жаралайды. Сол сәтте баланы маралдың «киесі ұрып» есінен танып қалады. Баласын көтеріп маралдың ізінен еріп келе жатқан Әбдірахман таңғажайып бір көрініске куә болады. Маралдың лағы жаралы аяғын қайнардың ішіне салғанда лезде қан тоқтап, жарақат жазылып кетеді. Әбдірахман ғажайып қайнардың суымен баласының бетін жуып, есін жиғызады. Шипалы судан құтыларға құйып ауылға апарды, дертті адамдарға береді. Жұрт қайнарды Әбдірахман аңшының есімімен атап кетеді» (Келгембаева, 2012). Осы аңызды келушілердің көңілінде бұл өлкенің киелілігі туралы сенімді орнықтырып, экологиялық мәдениетті сақтауы үшін пайдаланған дұрыс деп санаймыз.

Аңыздарды мәдени-танымдық туризмде пайдаланудың енді бір жолы – «Storytelling» – «әңгімелеу» деп аталады. Бұл әдіс бойынша, экскурсия жүргізуші (гид) туристерге мекендік аңыздарды жай әңгімелеп қана қоймай, оны туристік нысанның тарихи немесе табиғи маңызымен байланыстыра отырып, әсерлі етіп баяндай білуі керек. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы бойынша туристік маршруттардың тізіліміндегі «Шығыс

Қазақстанның інжу-маржаны», «Марқакөлдің кіші шеңбері», «Марқакөл соқпағы» атты туристік маршруттарда Марқакөл жайлы аңыз желісін пайдалануға болады. Бұл көл туралы аңыз нұсқаларында мифтік-романтикалық сюжетпен музыкалық фольклор жанры (күй аңызы) тоғысып, ерекше мәдени феноменге айналған.

Марқакөл аңызында көлдің жағалауын жайлаған бір байдың Марқа атты қызы мен монғолдың ұрынқай руының жас батыры Балжын арасындағы трагедиялы махаббат баяндалады. Қыздың ағалары Балжынның жүйрік атына қызығып жүреді. Қызды алуға рұқсат сұрап барған жігітке ағалары шарт қояды. Ол шарт бойынша Балжын бәйгеге қатысып, марқа қозының еті піскенше үлкен жазықты айналып, бәйгеден озып келуге тиіс болады. Бәйгеге шапқан Балжынның кер атының тұяғының күшінен жер ойылып, жер астынан су шығады. Сол судан көл пайда болады. Енді бір нұсқа бойынша көл сүйгенінен айырылған Марқа сұлудың көз жасынан түзіледі (Келгембаева, 2012).

Қазақтың музыкалық фольклорының құрамында Марқакөлге байланысты туған «Балжыңкер» күйін этнограф-ғалым А.Сейдімбеков бұл күйді оғыз-қыпшақ дәуірінің туындысы дейді (Сейдімбеков, 1997).

Әңгімелеуші сұлу Марқаның жағасында тұрып, «Балжынкер» күйінің фонында осы көл жайындағы аңызды баян етеді. Әрі қарай «Марқакөл» топонимінің ғылыми түсіндірмесін, көлдің флорасы мен фаунасын, рекреациялық маңызын жеткізеді. Сөйтіп, аңыз арқылы туристердің назарын табиғи нысанның маңызы мен оны сақтау қажеттігіне аударады. Саяхатшылар қазақ халқының музыкалық мұрасымен, күй өнерімен танысуға мүмкіндік алады.

Қазіргі туризм тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүрген әдістің бірі – театрландырылған қойылымдар. Мәселен, Абай еліне саяхаттаушылар «Еңілік-Кебек» кесенесінің жанында сахналанған М.Әуезовтің «Еңілік-Кебек» спектаклінен үзінділер тамашалап, ерекше әсер алады. Дәл осы тәжірибені Шығыс Қазақстанның тарихи аңыздарын сахналауға пайдалануға болады. Мәселен, Күршім өңіріндегі Көкжал Бараққа қойылған ескерткіштің жанында Көкжал Барақ жайлы аңыздардың желісін, Өскеменге барар жолдың тау беткейінде орналасқан Қаракерей Қабанбай ескертшінің жанында дарабоз батыр жайында аңыздардан сахналық қойылымдар қойған орынды.

Фестиваль, мейрам кездерінде аңыз желісі бойынша арнайы уақытта театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру – жанды аңыздар (Re-enactment) деп аталады. Бұл туристерге сол дәуірдің рухын, оқиғаның атмосферасын сезінуге көмектеседі. Саяхаттаушылардың таным көкжиегін кеңейтеді. Мәселен, Шығыс Қазақстанның халықаралық деңгейдегі дәстүрлі шараларының бірі – «Шығыс салбуырыны» кезінде жиналған қауымға салбуырын өтетін жер жайындағы аңыз сюжеттерінен қойылымдар ұсынудың рухани әсері жоғары болуы мүмкін.

Бұдан бөлек, турлар барысында саяхатшыларға интерактивті ойындар ойнатудың да мәдени-танымдық әлеуеті бар. Туристерге аңыз кейіпкерлерінің рөлін ойнап немесе аңыздың жұмбағын шешуге жұмылдыратын квест-ойындарды өткізу әсіресе, балалар мен жасөспірімдер үшін қызықты болмақ.

Өлкенің туристік брендингін жасауда аңыздағы кейіпкерлердің, символдардың немесе оқиғаның элементтері бейнеленген жоғары сапалы кәдесый өнімдерін шығару да саяхатшыларға ұсынылатын өнімнің құндылығын арттырады.

Қорытындылай келе, мекендік аңыздар жер-су жөніндегі ескіден жеткен жай әңгімелер емес, олар – мәдени-танымдық туризм бағыттарының бірегейлігін танытатын және туристерге ерекше тәжірибе ұсынатын құнды ресурс деп білеміз. Оларды дұрыс

қолдану – өңірдегі туризмнің мәдени-танымдық сапасын арттырып, туристердің өлкеге қызығушылығын оятады.

Қорытынды

Мекендік аңыздар – халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, табиғатпен байланысын паш ететін мәдени-рухани жәдігер. Оларды жүйелі зерттеп, туризм саласына орынды әрі әдістемелік тұрғыдан сауатты енгізу – мәдени-танымдық туризм маршруттарының танымдық және эмоционалдық құндылығын арттыра түседі.

Жалпы, мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласында тиімді пайдалану – Қазақстанның рухани мұрасын сақтау, таныту және экономикалық тұрғыда игеру жолындағы маңызды бағыттардың бірі. Бұл бағытта арнайы мамандардың бірлескен жұмысы қажет. Мақалада ұсынылған тұжырымдар мен мекендік аңыздарды пайдалану тәсілдері Шығыс Қазақстан өңірінің мәдени-танымдық туризмінің әлеуетін арттыруға және ұлттық мәдениеттің халықаралық кеңістікте дәріптелуіне өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Мүдделер қайшылығы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» жобасының есебінен қаржыландырылады.

Ғылыми мақаланы жазу барысында пайдаланылған ғылыми-теориялық еңбектерге, ғылыми басылымдарға сілтеме жасалды. Фундаменталды еңбектердің авторлары мен басылым жөніндегі мәліметтер дұрыс келтірілді. Мақала антиплагиат бағдарламасынан тексеруден өтті, анықтамасы алынды. Мақалада авторлардың құқын бұзушылық болған жоқ. Сондықтан мүдделер қайшылығы болуы мүмкін емес.

ЖИ құралдарының қолданылуы

ЖИ мүмкіндіктері библиографиялық деректерді дұрыс форматтау, транслитерациялау, сондай-ақ, халықаралық дәйексөз келтіру стандарттарына (APA) сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылды.

Авторлардың қосқан үлесі. Осы ғылыми мақала – екі автордың бірлескен зияткерлік еңбегі. Мақаланың жазылуына басқа қатысушылар болған жоқ. **Б.Б.Келгембаева** – мақаланың мақсат-міндеттерін, болжамын жасау, материалдарды іріктеу, зерттеу әдістері мен әдіснамасын анықтау жұмыстарын атқарды. **Қ.Құрманбекұлы** – ғылыми еңбектер мен көркем мәтіндерге талдау жасау, редакциялау жұмыстарын орындады.

Әдебиеттер тізімі

- Abos, I. A. (2023). Education: The Importance of Educational Tourism in Cultural Heritage Preservation and Sustainable Tourism. Case Study of the Mureş Valley's Cultural Heritage: Five Castles, Five Stories. *Research and Education*, (8), 120-137. <https://doi.org/10.56177/red.8.2023.art.7> (data accessed: 03.12.2025)
- Афанасьев, О. Е., & Афанасьева, А. В. (2015). Функциональное значение и место туристских легенд в формировании привлекательных свойств дестинаций. *Вестник Ассоциации вузов туризма и сервиса*, (1), 52-60. <https://doi.org/10.12737/7943> (data accessed: 03.12.2025)
- Бөкей, О. (2013). Шығармалары. Алматы: «Ел-шежіре».

-
- International Scientific Committee. (1993). *Tourism at world heritage cultural sites: the site manager's handbook*. ICOMOS, Colombo.
<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000119539> (data accessed: 03.12.2025)
- Келгембаева, Б. Б. (2012). Ел мен жер тарихы: Шығыс Қазақстанның аңыздық прозасы. Өскемен: «Медиа-Альянс».
- Қайдар, Ә. (2013). Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) (Т. 3: Табиғат). Алматы: «Сардар» баспа үйі.
- Light, D. (2014). Tourism and toponymy: commodifying and consuming place names. *Tourism Geographies*, 16(1), 141–156. <https://doi.org/10.1080/14616688.2013.868031> (data accessed: 03.12.2025)
- Nasritdinov, U. (2025). The Role of Toponyms in English-Language Tourism Materials. (2025). *American Journal of Language, Literacy and Learning in STEM Education* (2993-2769), 3(4), 322-325.
- Ritchie, B. W., Carr, N., & Cooper, C. (2003). *Managing educational tourism*. Cromwell Press.
[https://nibmehub.com/opac-service/pdf/read/Managing%20Educational%20Tourism%20\(Aspects%20of%20Tourism-%2010\)](https://nibmehub.com/opac-service/pdf/read/Managing%20Educational%20Tourism%20(Aspects%20of%20Tourism-%2010)). (data accessed: 03.12.2025)
- Сапашев, О. (ред.), Алексеев, А. Н., Самашев, З. & Келгембаева, Б. (2006). Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары (тарих, мәдениет, білім). Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы.
- Seaton, A. V., & Bennett, M. M. (1996). *The marketing of tourism products: concepts, issues and cases*. <https://www.cabidigitallibrary.org/doi/full/10.5555/19971803032> (data accessed: 03.12.2025)
- Сейдімбеков, А. (1997). Қазақтың күй аңыздары (Докторлық диссертацияның авторефераты). Алматы.
- ШҚО туристік әлеуеті. (n.d.). Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайты.
https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/documents/1?directions=_3566&lang=kk (data accessed: 03.12.2025)

К. Курманбекулы, Б.Б. Келгембаева*

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Роль топонимических легенд в культурно-познавательном туризме

Аннотация. В данной статье рассматриваются возможности использования топонимических легенд Восточного Казахстана в культурно-познавательном туризме. Легенды, возникшие в связи с определёнными географическими объектами, могут служить отражением исторической памяти и духовной идентичности населения, издавна населявшего эти территории. В современных условиях возникает необходимость поиска новых способов сохранения, популяризации и расширения сферы применения подобного духовного наследия. По мнению авторов, легенды о Музтау, Рахмановских ключах, Маркаколе и других природных объектах обладают значительным потенциалом для вовлечения туристов не только в знакомство с ландшафтами региона, но и в погружение в историко-философское пространство казахского народа. Актуальность темы объясняется тем, что до настоящего времени фольклорное и литературное наследие Восточного Казахстана практически не рассматривалось как ресурс туристской отрасли региона: отсутствуют систематизированные примеры его использования, количественные и качественные показатели, а также теоретические и методологические анализы. Опираясь на новейшие исследования зарубежных учёных, авторы ставят целью выявить возможности применения топонимических преданий при реализации отдельных культурно-познавательных туристских маршрутов, утверждённых на территории Восточно-Казахстанской области. Кроме того, исследователи стремятся продемонстрировать культурно-познавательный и брендинговый потенциал фольклорных текстов, а также их роль в формировании позитивного туристского имиджа региона и страны на основе конкретных примеров. Данное направление исследования соприкасается с современными процессами прикладной реконструкции и актуализации духовного наследия нации.

Ключевые слова: культурное наследие, легенда, культурно-познавательный туризм, брендинг, жанр.

K. Kurmanbekuly, B.B. Kelgembayeva*

S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

The role of toponymic legends in cultural and educational tourism

Abstract. This article examines the potential for employing toponymic legends of East Kazakhstan in cultural and educational tourism. Toponymic legends can serve as a mirror of the historical memory and spiritual identity of the communities that have long inhabited these areas. Today, it is essential to explore new approaches to preserving, promoting, and expanding the use of such intangible heritage. According to the authors, the legends associated with Muztau, Rakhman Springs, Markaköl, and other landmarks possess significant potential to guide tourists not only toward the region's natural sites but also into the historical and philosophical worldview of the Kazakh people.

The relevance of the study is determined by the fact that, to date, the folkloric and literary heritage of East Kazakhstan has not been systematically examined as a resource for the region's tourism sector: concrete examples of its application, quantitative and qualitative indicators, as well as theoretical and methodological analyses, remain largely unaddressed. Drawing on recent international scholarship, the authors aim to assess the possibilities of integrating local legends into selected cultural and educational tourist routes officially established in East Kazakhstan. This research direction aligns with contemporary processes of the applied revitalization and reinterpretation of the nation's spiritual heritage.

Keywords: cultural heritage, legenda, cultural-educational tourism, branding, genre.

References

- Abos, I. A. (2023). Education: The Importance of Educational Tourism in Cultural Heritage Preservation and Sustainable Tourism. Case Study of the Mureş Valley's Cultural Heritage: Five Castles, Five Stories. *Research and Education*, (8), 120-137. <https://doi.org/10.56177/red.8.2023.art.7> (data accessed: 03.12.2025)
- Afanas'ev, O. E., & Afanas'eva, A. V. (2015). Funkcional'noe znachenie i mesto turisticheskikh legend v formirovaniy privlekatel'nykh svoystv destinacij. [Functional Significance and Role of Tourist Legends in Shaping the Attractiveness of Destinations]. *Vestnik Assotiacii vuzov turizma i servisa*, (1), 52-60. <https://doi.org/10.12737/7943> [in Russian]. (data accessed: 03.12.2025).
- Bokej, O. (2013). Shygarmalary. [Works]. Almaty: El-shezhire. [in Kazakh].
- International Scientific Committee. (1993). *Tourism at world heritage cultural sites: the site manager's handbook*. ICOMOS, Colombo. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000119539> (data accessed: 03.12.2025).
- Kelgembayeva, B. (2012). El men zher tarihy: Shygys Kazakstannyn anyzdyk prozasy. [History of the People and the Land: Legendary Prose of East Kazakhstan]. *Media-Al'jans*. [in Kazakh].
- Kajdar, A. (2013). *Kazaktar ana tili aleminde (jetnolingvistikalık sozdik) (T. 3: Tabıgat)*. [Kazakhs in the World of the Native Language (Ethnolinguistic Dictionary).V3: Nation]. Sardar baspa yji. [in Kazakh].
- Light, D. (2014). Tourism and toponymy: commodifying and consuming place names. *Tourism Geographies*, 16 (1), 141-156. <https://doi.org/10.1080/14616688.2013.868031> (data accessed: 03.12.2025).
- Nasritdinov, U. (2025). The Role of Toponyms in English-Language Tourism Materials. (2025). *American Journal of Language, Literacy, and Learning in STEM Education* (2993-2769), 3(4), 322-325. <https://grnjournal.us/index.php/STEM/article/view/7494> (data accessed: 03.12.2025).
- Ritchie, B. W., Carr, N., & Cooper, C. (2003). *Managing educational tourism*. Cromwell Press.

[https://nibmehub.com/opac-service/pdf/read/Managing%20Educational%20Tourism%20\(Aspects%20of%20Tourism-%2010\)](https://nibmehub.com/opac-service/pdf/read/Managing%20Educational%20Tourism%20(Aspects%20of%20Tourism-%2010)) (data accessed: 03.12.2025).

Sapashev, O. S. (red.), Alekseenko, A. N., Samashev, Z. & Kelgembayeva, B. (2006). Shygys Kazakstannyn madeni muralary (tarih, madeniet, bilim). [Cultural Heritage of East Kazakhstan (History, Culture, Education)]. S. Amanzholov atyndagy ShKMU baspasy. [in Kazakh].

Seaton, A. V., & Bennett, M. M. (1996). The marketing of tourism products: concepts, issues and cases. <https://www.cabidigitallibrary.org/doi/full/10.5555/19971803032> (data accessed: 03.12.2025).

Sejdimbekov, A. (1997). Kazaktyn kyj anyzдары: Doktorlyk dissertacijanyн avtoreferaty. [Kazakh Legends about the Kui: Author's Abstract of a Doctoral Dissertation]. Almaty. [in Kazakh].

ShKO turistik aleueti. (n.d.). Shygys Kazakstan oblysy akimdiginin sajty. [Tourism Potential of East Kazakhstan Region. (n.d.). Official Website of the East Kazakhstan Regional Administration].

https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/documents/1?directions=_3566&lang=kk [in Kazakh]. (data accessed: 03.12.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманбекұлы Қуандық – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының докторанты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті. Өскемен, Қазақстан. E-mail: Kuandyk_kur@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-7885-3525>

Келгембаева Бакытжан Бекеновна – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: shilde0206@gmail.com ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2919-7639>

Kuandyk Kurmanbekuly – PhD student of the Educational Program “Kazakh Language and Literature,” Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: Kuandyk_kur@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-7885-3525>

Bakytzhan Bekenovna Kelgembayeva – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: shilde0206@gmail.com ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2919-7639>

Құрманбекұлы Қуандық – докторант образовательной программы «Казахский язык и литература», Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова. Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: Kuandyk_kur@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-7885-3525>

Келгембаева Бакытжан Бекеновна – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: shilde0206@gmail.com ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2919-7639>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).